БТА БАНКІ

**«БТА Банкі» АҚ**
**Акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысының**
**№63 ХАТТАМАСЫ**

| | |
|---|---|
| **Жиналысты өткізу орны:** | Алматы қ., «Самал-2» ықш./ауд., Жолдасбеков к-сі, 97, А2 блогы, 2-қабат, конференц-зал |
| **Атқарушы органның орналасқан жері:** | Алматы қ., «Самал-2» ықш./ауд., Жолдасбеков к-сі, 97 |
| **Өткізу күні:** | 2012 жылғы «21» маусым |
| **Акционерлерді тіркеудің басталуы:** | Сағат 09.30 |
| **Акционерлерді тіркеудің аяқталуы:** | Сағат 11.00 |
| **Жиналыстың басталуы:** | Сағат 11.10 |
| **Жиналыстың аяқталуы:** | Сағат 11.25 |

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Әнуар Сәйденов ашты, ол «БТА Банкі» Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібінде мазмұндалған мәселелерді қарау және шешу үшін «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 16 мамырдағы №6 шешімімен шақырылғандығын хабарлағаннан кейін, жиналысты өткізуге құқылы екендігін баяндау үшін санақ комиссиясының мүшесі С.О.Тулеуова ханымға сөз ұсынды.

С.О.Тулеуова акционерлерге 2012 жылғы 19 мамырдағы «Казахстанская Правда» газетінде, 2012 жылғы 18 мамырдағы «БТА Банкі» АҚ корпоративтік Веб-сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында жарияланған Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама арқылы хабардар етілгендігін мәлімдеді. Акционерлер реестрі 2012 жылғы 18 мамырдағы жағдай бойынша «Центр Дар» АҚ Банк тіркеушісімен жасалды. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің тізімін құрастырған күні, «БТА Банкі» АҚ 44 209 411 924 дана жәй орныұтырылған акцияларға ие, оның ішінде дауыс беретін акциялар - 36 966 261 073 дананы құрайтындығын баяндады.

Санақ комиссиясымен ұсынылған деректер бойынша «БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған күні «БТА Банкі» АҚ жиынтықты 36 073 909 150 дауыс беретін жәй акцияларына ие 13 (он үш) акционер және олардың өкілдері тіркелді, бұл «БТА Банкі» АҚ дауыс беретін жәй акцияларының жалпы санының 97,59 пайызын құрайды, соның ішінде ғаламдық депозитарлық қолхаттар 51 910 000 дана акция.

«БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысты:

1. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ - «БТА Банкі» АҚ жәй дауыс беретін акцияларының жалпы мөлшерінің 10 және одан артық пайызына ие акционер - 36 021 892 863 дана дауыс беретін жәй акциялар, бұл «БТА Банкі» АҚ жәй орныұтырылған акцияларының жалпы санының 81,48 пайызын құрайды, 2011 жылғы «28» қарашадағы №85 сенімхат негізінде әрекет ететін Азамат Исмаилович Сатыбалдиев мырзаның танытуында.

2. The Bank of New York Mellon, «БТА Банкі» АҚ жәй акцияларына сәйкес келетін ғаламдық депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың өкілі, 2012 жылғы 13

маусымдағы № 932016 (Power of Attorney) сенімхат негізінде әрекет ететін Уракова Анар Аяновна ханымның танытуында.

3. Өзге акционерлер.

4. Комплаенс қызметі басшысының орынбасары – А.А. Амандыкова, PR және жарнама қызметінің басшысы – В.Ф.Шен

Барлық қатысушы акционерлер тіркелді және акционерлер өкілдерінің құқықтары тиісті түрде тексерілді. Барлық акционерлерді және олардың өкілдерін тіркеу кезінде күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар және дауыс беру карточкалары қолдарына табыс етілді.

Жоғарыда аталған тіркеу қорытындыларын ескеріп, Санақ комиссиясының мүшесі С.О. Тулеуова, Банктің Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысин өткізу және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға қажетті кворумның жиналғандығын хабарлады.

Ә.Ғ.Сәйденов жиналыс қатысушыларын қошеметтеп, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын ашты және жиналысты өткізу үшін жұмыс органын сайлау жөнінде ұсыныс жасады:

Ә.Ғ.Сәйденов «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік Хатшысы Сахильжан Маликович Дугашевті Жиналыс төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.
Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О. Тулеуова дауыс беруге 13 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**
«Қолдағандар» - 13 дауыс;
«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Ә.Ғ. Сәйденов Дауыс беру қорытындысы бойынша **Жиналыс төрағасы ретінде - «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік Хатшысы Сахильжан Маликович Дугашевті сайлау туралы** шешім қабылданғандығын жариялады**.**

Ә.Ғ. Сәйденов жиналыс хатшысы етіп – «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысының көмекшісі Ольга Владимировна Питулованы сайлауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.
Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О. Тулеуова дауыс беруге 13 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**

«Қолдағандар» - 13 дауыс;
«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Сәйденов Ә.Ғ. Дауыс беру қорытындысы бойынша **Жиналыс хатшысы қызметіне – «БТА Банкі» АҚ Корпоративтік хатшысының көмекшісі Ольга Владимировна Питулованы** сайлау туралы шешім қабылданғандығын жариялады**.**

Ә.Ғ. Сәйденов жиналысты өткізу регламентін бекітуді ұсынды: сөз сөйлеу уақыты 5 минут, күн тәртібіндегі мәселені талқылау 5 минутқа дейін. Жиналысты үзіліссіз өткізу.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.
Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О. Тулеуова дауыс беруге 13 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**

«Қолдағандар» - 13 дауыс;
«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Ә.Ғ. Сәйденов **дауыс беру қорытындысы** бойынша, жиналысты өткізу регламентін бекіту туралы шешім қабылданғандығын жариялады: **сөз сөйлеу уақыты 5 минут, күн тәртібіндегі мәселені талқылау 5 минутқа дейін. Жиналысты үзіліссіз өткізу.**

Ә.Ғ. Сәйденов «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында шешімдерді қабылдау кезінде ашық дауыс беру нысанын анықтауды ұсынды.

Ұсыныс дауыс беруге ұсынылды.
Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О. Тулеуова дауыс беруге 13 акционер қатысқандығын хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**

«Қолдағандар» - 13 дауыс;
«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Ә.Ғ. Сәйденов **дауыс беру қорытындысы** бойынша **Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысында шешім қабылдау барысында ашық түрде дауыс беру** туралы шешім қабылданғанын жариялады**.**

---

Одан әрі сөз кезегі Жиналыс Төрағасы С.М.Дугашевке берілді.

Жиналыс Төрағасы С.М.Дугашев қатысушыларды қошаметтеп, «БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін жариялады:

«БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2010 жылғы 22 маусымдағы №56 шешімімен бекітілген ««БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу, шығындарды төлеу және өтеу шарттары туралы ережелерге» өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде».

Жиналыс Төрағасы жиналысты өткізгенге дейін акционерлерден жиналыстың күн тәртібіне қандай да бір ұсыныстар және толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс түспегендігін хабарлады. «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары акционерлер үшін қол жетімді болды. Тіркеу барысында акционерлер және акционерлердің өкілдері материалдарды қағаз жүзінде алды. Осыған байланысты акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне күн тәртібіне қатысты сұрақтар мен түсіндірмелер беруін сұрады.
Жиналыстың күн тәртібі бойынша сұрақтар мен түсіндірмелер берілген жоқ.

Төраға «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы дауыс берулерін сұрады.

Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О.Тулеуова дауыс беруге жиынтығында 36 073 909 150 акционер қатысқандығын (соның ішінде 36 073 802 863 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілді) хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**

«қолдағандар» - 36 073 909 150 дауыс;
«қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«қалыс қалғандар» - жоқ.

Жиналыс төрағасы **дауыс беру қорытындысы бойынша - «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін ««БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2010 жылғы 22 маусымдағы №56 шешімімен бекітілген ««БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу, шығындарды төлеу және өтеу шарттары туралы ережелерге» өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде»» ұсынылған редакцияда бекіту туралы шешім қабылданғандығын** жариялады.

---

Одан әрі жиналыс қатысушылары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамаларды тыңдауға кірісті.

Жиналыс Төрағасы С.М.Дугашев «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Әнуар Сәйденовке сөз ұсынды.

Баяндамашы Ә.Ғ. Сәйденов жиналыс қатысушыларына бүгінгі таңда Директорлар кеңесінің құрамына «БТА Банкі «АҚ кредиторларының екі өкілі - Сергей Бабаян, Яцек Бжезински кіретіндігін мәлімдеді.

Кредиторлардың комитеті «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесіндегі меншікті өкілдерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың аясында кредиторларды танытатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне келесі тәртіпте жылдық сыйақы төлеу қажеттілігі туралы шарт қойды:

Директордың алғашқы алты айдағы жұмысы үшін сыйақы Шартқа қол қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде аванс түрінде төленеді, ал кейінгі алты айдағы жұмысы үшін сыйақы Шартты жасаған күннен кейін алты ай аяқталатын күні аванс түрінде төленеді.

Кейіннен Директордың сыйақысы кезекті алты айлық кезең орын алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде төленеді.

Бұған дейін кредиторларды танытатын Директорлар Жылдық сыйақыны сәйкесінше тоқсан аяқталғаннан кейін тоқсан сайын алып тұрды.

Сонымен қатар, Кредиторларды танытатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың Директорлар кеңесі комитетіндегі жұмыстары үшін Комитет мүшесі ретінде Комитеттің бір отырысына (күндізгі немесе сырттай) қатысқандығы үшін Тәуелсіз Директорлар үшін белгіленген сыйақыға тең мөлшерде төлем енгізу туралы ұсыныс жасалды.

Одан өзге, Шарттың типтік нысанына келесі өзгерістер енгізілді:

- Кредиторларды танытатын Директорға Кредиторлардың комитетімен Директорлар кеңесі жұмысының мәселелері бойынша өзара әрекет ету, сонымен қатар

заңнамамен, сот шешімімен және Банктің құжаттарымен тыйым салынбаса, ақпаратты жариялау құқығын беретін норма;

- Директордың өкілеттіктері сыйақы төленген мерзімге дейін тоқтаған жағдайда, Директорға Директор ретінде өзінің міндеттерін нақты орындаған пропорционалды кезең үшін аталмыш соманы қайтару міндетін қарастыратын норма. Директор қайтарылуы тиіс сыйақы сомасын өзінің өкілеттіктері тоқтаған күннен бастап Шарттың 10-бабында көрсетілген Банктің банктік шотына аударады.

- егер Кредиторларды танытатын Директор есепті кезеңде (алты ай) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің барлық өткізілген отырыстарының жартысынан азына қатысса, сәйкесінше алты айға төленген оның белгіленген сыйақысы елу пайызға азаяды және Директорға хабарлама жіберілген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде Шарттың 10-бабында көрсетілген Банктің банктік шотына аударылады.

Жоғарыда аталған барлық шарттар Кредиторларды танытатын Директорлармен келісілді.

Кредиторларды танытатын Директорлармен жасалатын Шарттың типтік нысаны Банктің және Кредиторлар комитетінің заң кеңесшілерімен келісілді.

Кредиторларды танытатын Директорлар «БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесіне 2012 жылдың 11 сәуірінде сайланғандықтан, Ережелерге енгізілетін Өзгерістердің әрекетін 2012 жылдың 11 сәуірінен туындаған қатынастарға тарату ұсынылады.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына келесі шешімдерді қабылдау ұсынылады:

Ұсынылатын Өзгерістер мен толықтыруларды «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2010 жылғы 22 маусымдағы №56 шешімімен бекітілген ««БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу, шығындарды төлеу және өтеу шарттары туралы ережелерге» енгізу ұсынылады.

Жиналыс Төрағасы акционерлерге және акционерлердің өкілдеріне күн тәртібінің мәселесі бойынша баяндамашыға сұрақтар қоюды ұсынды.

Сұрақтар қойылмады.
Жиналыстың төрағасы дауыс беруге келесі мәселені шығарды: «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2010 жылғы 22 маусымдағы №56 шешімімен бекітілген ««БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу, шығындарды төлеу және өтеу шарттары туралы ережелерге» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Қатысушы акционерлер және акционерлердің өкілдері дауыс беруге кірісті.

Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.

С.О.Тулеуова дауыс беруге жиынтығында 36 073 909 150 акционер қатысқандығын (соның ішінде 36 073 802 863 дауыс - өзінің өкілдері арқылы жиналысқа қатысқан акционерлердің атынан берілді) хабарлады және **дауыс беру қорытындыларын** жариялады**:**

«Қолдағандар» - 36 073 909 150 дауыс (соның ішінде «БТА Банкі» АҚ акцияларына есептелген Ғаламдық депозитарлық қолхат ұстаушыларға тиесілі 51 910 000 дауыс, бұл ҒДҚ тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларын қабылдайтын жалпы санының үштен екі бөлігін құрайды);

«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

**С.О. Тулеуова** Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнінде Банктің жәй акцияларының кем дегенде бес пайызы ҒДҚ ұстаушыларға тиесілі болса және дауыс беруге Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы ондай ҒДҚ ұстаушылардың кем дегенде біреуі қатысса (жеке өзі, сырттай немесе өкілі арқылы), онда осы мәселе бойынша шешім қабылдау үшін дауыс беруге қатысатын ҒДҚ тиесілі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының кем дегенде үштен екісінің мақұлдауы талап етілетіндігін хабарлады.

**Жиналыс Төрағасы С.М. Дугашев дауыс беру қорытындысы бойынша** №1 Қосымшаға сәйкес «БТА Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2010 жылғы 22 маусымдағы №56 шешімімен бекітілген ««БТА Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілеу, шығындарды төлеу және өтеу шарттары туралы ережелерге» өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде шешім қабылданғандығын жариялады.

---

Жиналыс Төрағасы күн тәртібінде басқа мәселелердің жоқтығын жариялады және жиналысты жабуды және дауыс беруге аталмыш мәселені ұсынды.

**Дауыс беру: «бір акционер» - «бір дауысқа ие» қағидасы бойынша жүргізіледі.**

С.О.Тулеуова дауыс беруге 13 акционер қатысқандығын хабарлады және дауыс беру қорытындыларын жариялады:

«Қолдағандар» - 13 дауыс;
«Қарсы дауыс бергендер» - жоқ;
«Қалыс қалғандар» - жоқ.

**Дауыс беру қорытындысы бойынша «БТА Банкі» АҚ Акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналысын жабу жөнінде шешім қабылданды.**

**Жиналыс Төрағасы** ____________________ **С.М.Дугашев**

**Жиналыс Хатшысы** ____________________ **О.В.Питулова**

**10% акцияға ие**
**акционер өкілінің атынан** ____________________ **А.И.Сатыбалдиев**

**Санақ комиссиясы:** ____________________ **С.О.Тулеуова**

____________________ **О.А.Иванова**

____________________ **А.Т.Айтбаев**

____________________ **Р.Б.Керимбердиев**

Прошито и пронумеровано
6 (шесть) листов.